

2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі N 84 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 3 мамырда N 7-2-118 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы N 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 2012.01.25 N 31 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 1163 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы" N 250 қаулысын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Аудандық комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамында медициналық комиссия құрамы қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі бекітілсін.
4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды медициналық және шақыру комиссияларынан өту үшін жеткізуді және оларды әскери қызмет өткеру үшін жөнелтуді қамтамасыз етсін.

5. Батыс Қазақстан облысы "Ақжайық аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңіне техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ақжайық аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз етсін.

7. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Ақжайық ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Д. Джуматоваға жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Иманғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Ақжайық ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, подполковник
_____ Б. Бердигалиев

30.03.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Ақжайық
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының

д и р е к т о р ы

-----Д. Хайрушев

30.03.2011 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Ақжайық ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы,
п о д п о л к о в н и к
-----Е. Бисенов

31.03.2011 ж.

А у д а н ә к і м д і г і н і н ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 с ә у і р д е г і
N 84 қаулысына қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Бердигалиев Бекен - "Батыс Қазақстан облысы
Амангельдиевич Ақжайық ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлім"
бастығы комиссия төрағасы

(келісім бойынша)

Кулмуханова Гулбану - Батыс Қазақстан облысы
Дарибаевна Ақжайық ауданының "мәдениет,
тілдерді дамыту, дене
шынықтыру және спорт бөлімі"
бастығы комиссия төрағасының

орынбасары

Комиссия мүшелері

Шоканов Кайырбек - "Батыс Қазақстан облысының
Серикович Ішкі істер департаменті
Ақжайық ауданының ішкі істер
бөлімі" бастығының

орынбасары (келісім бойынша)

Хайруллина Жанар - Батыс Қазақстан облысының
Мерекеевна әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Ақжайық
аудандық орталық ауруханасы"

мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
терапевт-дәрігері -
медициналық комиссияның

төрайымы (келісім бойынша)

Төлешева Айгүл
Шаяхметовна

- Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Ақжайық
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
медбикесі - комиссия

хатшысы (келісім бойынша)

Аудандық медициналық комиссияның құрамы

Медициналық комиссияның төрайымы, дәрігер

Дәрігер - мамандары:

Терапевт (Педиатр)

Хирург

Невропатолог

Oтоларинголог

Офтальмолог

Дерматолог

Фтизиатр

Эндокринолог

Психиатр

Стоматолог

Аудан

2011

N

бекітілген

жылғы

84

1

әкімдігінің

сәуірдегі

қаулысымен

Азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі

N p/c	Ауылдық округтер	Шақырылушылар саны	Келетін күні					
			04.04	05.04	06.04	07.04	08.04	11.04
1	Алғабас							
2	Ақжол							

3	Ақсуат										
4	Алмалы										
5	Бударин										
6	Базаршолан										
7	Базартөбе										
8	Есенсай										
9	Жанабұлақ										
10	Жайық										
11	Жамбыл										
12	Қараултөбе										
13	Қабыршақты										
14	Құрайлысай										
15	Мерген										
16	Сарытоғай										
17	Тайпақ										
18	Чапаев										
	БАРЛЫҒЫ:										

кестенің жалғасы

Келетін күні												
12.04	13.04	14.04	15.04	18.04	19.04	20.04	21.04	22.04	25.04	26.04	27.04	28.04